Келісілді: ____________

№15 «Балдәурен» бөбекжай-

балабақша әдіскері

Г.Жулдызбаева

«02» 09 2025 ж.

Бекітемін: ____________

№15 «Балдәурен» бөбекжай-

балабақша меңгерушісі

Ш.Муберекова

«02» 09 2025ж.

# Сөйлеу тілінің фонетика-фонематикалық жетіспеушілігі, дыбыс айтуында бұзылысы бар (дислалия) балаларды түзету жұмысының перспективті жоспары

## [Р,Р`, Л,Л`, С,С`, З, З`, Ц, Ж, Ж`, Ш,Ш`]

**Сөйлеу тілінің фонетика-фонематикалық жетіспеушілігі, дыбыс айтуында бұзылысы бар (дислалия) балаларды түзету жұмысының перспективті жоспары**

**[Р,Р`, Л,Л`, С,С`, З, З`, Ц, Ж,Ж`, Ш,Ш`]**

| Жұмыс кезеңі | Уақыты | Жұмыс мазмұны | Жұмыстың түрі | Көрнекіліктер |
|---|---|---|---|---|
| **1 кезең «Дыбыс қоюға дайындық кезең»** | Жыл бойы | **Жалпы моториканы дамыту.**<br>1. Жүру<br>2. Қолмен аяқ бұлшық еттерінің гимнастикасы<br>3. Бет бұлшық еттеріне жаттығу жасау<br>4. Қимыл-қозғалыс жаттығуы | 1. Гимнастикалық жаттығуды орындау<br>2. Ритмді сезінуге арналған ойындар | |
| | Жыл бойы | **Ұсақ қол моторикасын дамыту**<br>1. «Саусақтар сәлемдеседі», «Қоян», «Жалау», «Пианино», «Ағаштың тамыры» т.б жаттығуларлы орындау.<br>2. Фигураларды салу.<br>3. Түріне түсіне қарап жармаларды, мозайканы бөлу. | 1. Тапсырманы логопедтің нұсқауы бойынша орындау<br>2. Өзіндік жұмыс. | Қайшы<br>Трафарет<br>Мозайка<br>Доп |
| | Жыл бойы | **Көру арқылы қабылдап, есту арқылы есте сақтауын дамыту.**<br>1. Көру арқылы есте сақтау және зейінін шоғырландыру қабілеттерін дамыту<br>2.Есту арқылы есте сақтау зейінін шоғырландыру қабілеттерін дамыту | ***1. Көру арқылы есте сақтауын дамытуға арналған ойындар***<br>«Осылай жаса»<br>«Не өзгерді»<br>«Не жетіспейді»<br>***2. Есту арқылы есте сақтауын дамытуға арналған ойындар***<br>«Кімнің добы тап»<br>«Сыбдырды есте сақта» | Заттық суреттер.<br>Ойыншықтар<br>Дидактикалық ойындар. |
| | | **Дыбыстарды ұқсас дыбыстардан ажырату** | 1. Әр түрлі мәтіндерді қайталау<br>2. Сөйлем құрастыру<br>3. Сюжеттік суреттер арқылы<br>4. Тақырыпқа байланысты<br>5. Мәтінді аяқтау арқылы<br>6. Ертегімен жұмыс | Дыбыстарды ажыратуға арналған суреттер |
| | | **Тыныс алу жаттығулары**<br>1.мұрынмен дем алуды қалыпқа келтіру; неғұрлым тереңтыныс алып және сыртқа созыңқырап шығаруды әдетке айналдыру;<br>2. сыртқа шығатын ауаны дыбыстап шығаруға дамыту; сөйлеп тұрып дем алуды дамыту;<br>3.сөйлеп дем алуды жаттықтыру; диафрагманы қалыпқа келтіру; | 1.мұрынмен дем алуды қалыпқа келтіруге арналған жаттығулар;<br>2.сөйлеп тұрып дем алуды дамытуға арналған жаттығулар;<br>3. сөйлеп дем алуды жаттықтыруға арналған жаттығулар;<br>4.диафрагманы қалыпқа келтіруге арналған жаттығулар; | Вертушкалар<br>Сабынды суды үрлеу;<br>Көбелекті гүлге қондыру<br>(дидактикалық ойындар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Қыркүйек<br>Қазан<br>Қараша | **Тіл дыбыстарын дұрыс айтуға керекті артикуляциялық аппараттың қимыл-қозғалыстың икемділігін дамыту.**<br>1. Еріннің икемділігін дамытуға арналған жаттығулар.<br>• «Түтікше», «күрекше», «мысық ренжіді»<br>• Жоғары ерінді көтеру, астыңғы ерінді төмен түсіру<br>• Қағазды түтікшені ұстап тұру<br><br>2.Тілдік бұлшық еттердің қозғалысын дамытуға арналған жаттығулар<br>• Жалпақ тіл,<br>• Кесе,<br>• Жалпақ тіл-үшкір тіл, кезектілікпен 4-5 рет.<br>• Тілдің жоғарғы және астыңғы тіске көтерілуі «оң жақ-сол жақ»<br>• Т-С дыбыстары арқылы жаттығу жасау | ***Айна алдында жаттығу жүргізу***<br>1. Өзіндік жаттығулар<br>2. Кезектілікпен артикуляциялық аппараттың қозғалысын өңдеу<br>3. Көру анализаторына сүйенбей , артикуляциялық аппараттың қимыл-қозғалыстарын жетілдіру<br>4. Имитациялық ойындар<br>«Мотор»<br>«Самолеттың дыбысы»<br>«Барабанчик»<br>«Аттың шабысы» т.б | Қабырғалық айна,<br>Жеке айна |
| **2- кезең «Дыбыс қою кезеңі»** | Желтоқсан | **Қойылатын дыбыстың артикуляциялық қалпымен таныстыру.** | 1. Артикуляциялық қалыпты айна алдында көрсету.<br>2. Дыбыстың профилін көрсету.<br>3. Тілдің дұрыс қалпын көрсету.<br>4. Артикуляциялық жаттығуларды бекіту. | Қол айнасы, қабырға айнасы. Дыбыстың профилі. Ойын материалдары. |
| | | **[Р] дыбысына арналған арнайы жаттығулар**<br>1.Көмекші дыбыстармен жұмыс<br>• Жоғарғы тістердің артын тілдің ұшымен ұру (т-т-т-т-т)<br>• (д-д-д-д-д) дыбысын қосу<br>• Күшпен демді шығару арқылы тілдің дірілін ояту<br>2.Дыбысты қоюға механикалық көмек көрсету.<br>• Тілдің ұшын жоғарғы тістердің артына шпательдің көмегімен қою.<br>• Тілдің ұшының дірілін ояту. ЗЗЗЗЗЗ-дыбысы арқылы, ЖжжЖ, дддддд- дыбысымен. | Артикуляциялық моториканы дамтуға бағытталған ойындар.<br>• Тілдің ұшының вибрациясын дамытуға арналған ойындар.<br>• Демді дұрыс шығаруға бағытталған жаттығулар<br>• Имитациялық ойындар. | Қағаз бөліктері<br>Қарандаш<br>Шар<br>Мақта<br>Шам |
| | | **[Л] дыбысына арналған арнайы жаттығулар**<br>*<u>Бірінші тәсіл:</u>* тіс аралық «Л» дыбысын шығару | | Логопедиялық шпательдер. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | • Күлу қалпы<br>• Тілді тістеп, тілдің ұшына үрлеу (тілдің қалпы жалпақ)<br>*Екінші тәсіл:* [Л] дыбысына көмекші дыбыстар [А] және [Ы] дыбысы арқылы қою.<br>• Әткеншек жаттығуы<br>• Әткеншек жаттығуын жасай отырып А-А-АААА және ЫЫ-Ы-Ы-ЫЫЫЫЫ қосарлана айтқызу.<br>*Үшінші тәсіл:* Дыбысты қою үшін механикалық әдіске сүйену. Жалпақ тілді жоғарғы тістің артына шпательмен қою. | | Мазсажды механикалық зондтар.<br>Мақта,бинт, спирт. |
| | | **[С,З,Ц] дыбыстарына арналған жаттығулар.**<br>1.Көмекші дыбыстармен жұмыс.<br>• Жоғарғы тісті тілдің ұшымен т-т-т деп ұру<br>• Д-д-дддд дыбысының қосылуы.<br>• Күшпен ұрлеу арқылы тс-с-с дыбысын шығару<br>2.Дыбысты қоюдағы механикалық көмек<br>• Тілдің ұшын шпательмен астыңғы тіске тіреу.<br>• Суық ауаны шығару. | | Қағаз бөліктері<br>Қарандаш<br>Шар<br>Мақта<br>Шам |
| | | **[Ш], [Ж] дыбысына арналған арнайы артикуляциялық жаттығу**<br>«кесе» жаттығуынан «р» дыбысы арқылы | | Шпатель, зонд |
| | | **Дыбысты коррекциялау. Жұмыс.**<br>• Дыбыстың нақты айтылуы<br>• Дыбыстың таза шығуы<br>• Темппен айтылуы (баяудан жылдамға)<br>• Дыбыстың ырғақтылығы<br>• Жеткен нәтижені бекіту. | Сөйлеген кезінде дауысты таза, демді дұрыс шығаруды дамытуға арналған ойындар, жаттығулар. | |
| **3-кезең «Қойылған дыбысты сөзде** | Ақпан | **Қойылған дыбыспен жұмыс жүргізу:**<br>1. Дыбысты жекеде дұрыс айтуға машықтандыру.<br>2. Дыбысты буында дұрыс айтуға машықтандыру. (ашық буыда,жабық буында) | 1. дыбысты буын,сөз, сөйлемде айту<br>2. кестемен жұмыс жасау<br>3. суретпен жұмыс жасау<br>4. мәтінді оқу | Ойыншықтар<br>Заттық суреттер<br>Сюжеттік суреттер<br>Жұмбақ пен |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **машықтан-дыру»** | | 3. Дыбысты сөзде дұрыс айтуға машықтандыру. (сөздің басында, ортасында және аяғында)<br>4. Дыбысты сөйлемде дұрыс айтуға машықтандыру<br>5. Мақал-мәтел жұмбақ, өлеңдер, | 5. мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш жаттау | жаңылтпашқа арналған суреттер. |
| | | **Фонематикалық қабылдауын, фонематикалық түсінігін, аналитикалық-синтетикалық әрекетін дамыту.**<br>1. Дыбысты буында, сөзде естігенде тану. | 1. Айтылуы дыбысқа, буынға, сөзге қолын көтеру.<br>2. Кезектілікпен айтылған буынды, сөзді, сөйлемді есте сақтап айту.<br>3. «Өз атыңды есте сақта»<br>4. Буынды, сөзді есте сақта.<br>5. Дыбысты естігенде қол шапалақта. | Карточкалар |
| | | 2. Фонематикалық талдауын дамыту. | 1. Дыбысты буында, сөзде айқындау<br>2. Сөздегі ең соңғы дыбысты анықтау<br>3. Сөздегі барлық дыбысты айту<br>4. Дыбыс санын анықтау | Жалауша, Заттық суреттер, бағдаршам. |
| | | 3. Синтетикалық әрекетін дамыту. | 1. Аталған дыбыстардан сөз, сөйлем құрау.<br>2. «Сөзді аяқта»<br>3. Кесілген сөздерден сөйлем құрау.<br>4. «Ақылды телефон ойыны» | Кеспелі әріптермен буындар |
| | | 4. Фонематикалық түсінігін дамыту. | 1. Аталған дыбыстан\, буыннан сөз жасау.<br>2. Аталған дыбыстың санына қарай сөз құрау.<br>3. Ребустар шешу. | Қойылған дыбысы машықтанды-руға арналған суреттер, қойылған дыбысты бекітуге арналған альбом. Дыбысты машықтандыру |
| **4-кезең «Дыбысты ажырату»** | Сәуір | 1. Дыбыстың сөз және сөйлеу таза және жеңіл айтылуына жұмыс жүргізу.<br>2. Дыбысты сөйлеу мәнеріне енгізу.<br>3. Дыбысты басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету. | | |
| | Мамыр | Логопедиялық жұмысты қорытындылау | Оқу жылы бойы атқарылған түзету жұмысының жылдық есебін жүргізу | |

Келісілді: ________________
№15 «Балдәурен» бөбекжай-балабақша әдіскері
Г.Жулдызбаева
«02» 09 2025 ж.

Бекітемін: ________________
№15 «Балдәурен» бөбекжай-балабақша меңгерушісі
Ш.Муберекова
«02» 09 2025ж.

# Жалпы сөйлеу тілі дамымаған ІІ-деңгейдегі 4-5 жастағы балалармен жүргізілетін топтық ұйымдатырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

**2025 – 2026 оқу жылы**

## Түсінік хат

Перспективалық жоспар жалпы сөйлеу тілі дамымаған (ЖСТД) II-деңгейдегі 4-5 жастағы балаларға арналған. Перспективалық жоспар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары мен 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың типтік оқу бағдарламасы негізінде жасалған.

Перспективалық жоспар ЖСТД II-деңгейдегі балалардың сөйлеу тілінің даму сатыларын, жас ерекшеліктерін және логопедиялық диагностиканың нәтижелерін ескере отырып әзірленді. Негізгі мақсат – сөйлеу тілінің барлық компоненттерін кешенді дамыту арқылы балалардың сөздік қорын молайту, фонематикалық есту қабілетінің алғышарттарын қалыптастыру, сөйлем құрылымын кезең-кезеңімен күрделендіру және қарым-қатынасқа белсенді араласуға дағдыландыру.

*Міндеттері:*

- Импрессивті сөйлеу: Қарапайым және күрделірек нұсқауларды түсіну, сөздер мен сөз тіркестерін сәйкестендіру, сын есімдерді салыстыру, антонимдер мен синонимдерді меңгеру, кеңістік қатынастарын түсіну, тәулік мезгілдерін дұрыс қолдану.
- Экспрессивті сөйлеу: Қарапайым және толық сөйлемдер құрастыру, барыс және жатыс септіктерін қолдану, зат есім мен сын есімді көпше түрінде сәйкестендіру, тәуелдік және жіктік жалғауларын қолдану, сан есімдерді зат есіммен байланыста пайдалану.
- Байланыстырып сөйлеу: Сурет пен ертегі желісіне сүйене отырып сөйлемді толықтыру, сөйлемді жалғастыру, қысқа өлеңдер мен тақпақтарды жаттау, графикалық схема бойынша сөйлем құрастыру, оқиғаның негізгі мазмұнын айту, қысқа әңгіме мен диалогке қатысу.
- Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Буын мен екпінді сақтау, дұрыс тыныс алу, дыбыстарды анық айту, дауысты және дауыссыз дыбыстар үйлескен сөздерді меңгеру, фонематикалық қабылдауды жетілдіру.
- Коммуникативтік дағдылар: Сыпайылық формулаларын қолдану, қысқа сұрақ-жауап үлгілерін меңгеру, диалогке қатысу, өтініш пен алғысты білдіру, эмоцияны сөзбен және мимикамен жеткізу, рөлдік ойын жағдайында қарым-қатынас орнату.

*Бағдарламаның құрылымы:* Бағдарлама екі кезеңге бөлінеді: I жартыжылдық (қыркүйек–желтоқсан): сөйлеудің қарапайым құрылымдарын меңгерту, сөздік қорды байыту, фонематикалық қабылдаудың алғышарттарын қалыптастыру, қарапайым диалогке қатыстыру. II жартыжылдық (қаңтар–мамыр): меңгерген дағдыларды бекіту, сөйлем

құрылымдарын күрделендіру, байланыстырып сөйлеуін дамыту, грамматикалық формаларды меңгерту, қарым-қатынасқа белсенді араласуына жағдай жасау.

*Күтілетін нәтижелер*

Жыл соңында балалар:

- сөздер мен сөз тіркестерін түсінеді және қолдана алады;
- қарапайым және күрделі сөйлемдер құрайды;
- көпше түрді, септіктерді және тәуелдік жалғауларын дұрыс қолданады;
- сюжетті сурет пен схемаға сүйеніп қысқаша мазмұндайды;
- дыбыстарды және буындарды ажыратып, анық айтады;
- қысқа тақпақтар мен шағын әңгімелерді жатқа айтады;
- құрдастарымен және ересектермен сөз және ым арқылы қарапайым диалог жүргізеді;
- эмоцияны сөзбен және мимикамен білдіреді.

Бағдарлама логопед, педагог, психолог және ата-аналардың бірлескен жұмысы арқылы жүзеге асырылады.

| **Айы** | **апта** | **Арнайы ұйымдастырылған түзетуші іс-әрекет** | **Арнайы ұйымдастырылған түзетуші іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|---|
| **Қыркүйек** | **1-2 апта** | **Диагностика** | **1-15 қыркүйек аралығында кешеді диагностикалау** |
| | **3 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Отбасы» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- «Барма!», «Келме!» сияқты болымсыз формаларды ажыратуға үйрету; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - өзіндік фразалық сөйлеуді сурет негізінде өз ойын білдіру, қолдануға үйрету; |
| | **4 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Ойыншықтар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Толық құрылымды сөйлемдер: «Асан кітап оқып отыр» қолдануға үйрету; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - өзіндік фразалық сөйлеуді сурет негізінде өз ойын білдіру, қолдануға үйрету; |
| **Қазан** | **1 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Күз» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- «Барма!», «Келме!» сияқты болымсыз формаларды ажыратуға үйрету; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - сөйлеудің айтылым жағынын және фонематикалық түсініктердің алғышарттарын дамыту: буын мен екпінді сақтау; |
| | **2 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Көкөністер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Толық құрылымды сөйлемдер: «Асан кітап оқып отыр» қолдануға үйрету; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - сөйлеудің айтылым жағынын және фонематикалық түсініктердің алғышарттарын дамыту: буын мен екпінді сақтау; |
| | **3 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Жемістер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Сөздер жұбын сәйкестендіруді қалыптастыру (ашты – жапты, отырды – тұрды); |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - бала басқа балаларды тыңдай алатын, балалар, ересек адамдармен қарым-қатынас орнатып, сұраққа қысқаша жауап беру, ойын кезінде диалогқа қатысуын дамыту; |
| | **4 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Бақ мен бақша» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Барыс септіктері (үйге барды, үстелде отыр) қолдануын қалыптастыру; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Қысқа сөйлемге бір сөздік толықтыру (пысықтауыш, анықтауыш, толықтауыш): «Үлкен қыз қуыршақпен ойнап отыр»; |
| | **5 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Орман. Саңырауқұлақ» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Сөздер жұбын сәйкестендіруді қалыптастыру (ашты – жапты, отырды – тұрды); |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Қысқа сөйлемге бір сөздік толықтыру (пысықтауыш, анықтауыш, толықтауыш): «Үлкен қыз қуыршақпен ойнап отыр»; |
| **Қараша** | **1 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Үй жануарлары» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Жатыс септіктері (үйге барды, үстелде отыр) қолдануын қалыптастыру; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және | - берілген буындық құрылымдағы сөздерді айтуға үйрету: |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | ортасында дауысты бар сөздер (ыстық, кітап); |
| | **2 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Жабайы аңдар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Сын есімдерді салыстыру және қарама-қарсы мағынасын табуға оқыту; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - берілген буындық құрылымдағы сөздерді айтуға үйрету: ортасында дауысты бар сөздер (ыстық, кітап); |
| | **3 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Үй құстары» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Сын есімдерді салыстыру және қарама-қарсы мағынасын табуға оқыту; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Диалогта сыпайылық, сұрақ-жауапты қолдану, өтініш білдіруді үйрету: «Маған берші», «Көмектесші»; |
| | **4 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - Өтілген лексикалық тақырыптар бойынша сөздік қорын молайту;<br>- «Мен ойнап жатырмын» " жіктеу есімдігін зат есіммен келістіруді балаларға үйрету; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Диалогта сыпайылық, сұрақ-жауапты қолдану, өтініш білдіруді үйрету: «Маған берші», «Көмектесші»; |
| **Желтоқсан** | **1 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Қыс» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- жекеше, көпше түрінде зат есімнің сын есіммен келістіру дағдысын дамыту: «Кішкентай кітаптар»; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Сурет/ертегі желісімен сөйлемді жалғастыру; |
| | **2 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Қыстайтын құстар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Тәуелдік сын есімді құрастыру: «Оның суреті әдемі» – сөйлемде қолдану; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - ертегілерден үзінді, көлемі бойынша үлкен емес, өтірік өлеңдер, тақпақтардың бір шумақ жатқа айту икемін дамыту; |
| | **3 апта** | Импрессивті және экспрессивті | - «Дене мүшелері» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | сөйлеу тілін дамыту | молайту;<br>- Қарама-қарсы сын есімдерді салыстырып айту: «Бұл ыстық, ал бұл суық»; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - ертегілерден үзінді, көлемі бойынша үлкен емес, өтірік өлеңдер, тақпақтардың бір шумақ жатқа айту икемін дамыту; |
| | **4 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Киімдер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Қарама-қарсы сын есімдерді салыстырып айту: «Бұл ыстық, ал бұл суық»; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Диалог барысында үзіліссіз сөйлеуді қалыптастыру; |
| | **5 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Аяқ киімдер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Диалог барысында үзіліссіз сөйлеуді қалыптастыру; |

| **Айы** | **апта** | **Арнайы ұйымдастырылған түзетуші іс-әрекет** | **Арнайы ұйымдастырылған түзетуші іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|---|
| **Қаңтар** | **1 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Жиһаз» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Жиһаз тақырыбы бойынша суретпен жұмыс арқылы қарапайым сөздерді тануын қалыптастыру (шкаф, сөре, тартпа);<br>- Бір затты атауға үйрету («алма», «доп»); |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Жануар дауыстарын тануын қалыптастыру (мяу, гав-гав);<br>- Жайылма сөйлем құрастыруды қалыптастыру: 2 сөздік сөйлемдер («Мысық отыр»); |
| | **2 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Ыдыстар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Ыдыстар тақырыбы бойынша суретпен жұмыс арқылы қарапайым сөздерді тануын қалыптастыру (торсық, қасық, шанышқы); |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық | - Жайылма сөйлем құрастыруды қалыптастыру: 2 сөздік сөйлемдер («Ыдыс жуды»); |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | құрылымдарын дамыту | - Дыбысталуы ұзақ және қысқа дыбыстарды ажыратуға үйрету; |
| | **3 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Азық-түлік» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Етістіктің негізгі формасын түсінуін дамыту (жеді, ішті);<br>- Екі буынды сөздерді анық айтуға үйрету (ал-ма, кес-пе) |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Жайылма сөйлем құрастыруды қалыптастыру: 2–3 сөздік сөйлемдер («Мысық отыр», «Ана тамақ ішіп отыр»);<br>- Бір және көп дыбыстарды ажырату; |
| | **4 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Пайдалы және зиянды тағамдар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Етістіктің негізгі формасын түсінуін дамыту (жеді, ішті);<br>- Екі буынды сөздерді анық айтуға үйрету (бур-гер, ба-нан); |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Жайылма сөйлем құрастыруды қалыптастыру: 3 сөздік сөйлемдер ( «Ата қымыз ішіп отыр»);<br>- Дыбысталуы бір біріне ұқсамайтын бір және 3 буынды сөздерді ажырату; |
| **Ақпан** | **1 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Құралдар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- «Кеше не істедің?» «Ойнадым» деген жауапты жаттауға үйрету;<br>- Екі буынды сөздерді анық айтуға үйрету (тыр-ма, а-ра, кет-пен); |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Жайылма сөйлем құрастыруды қалыптастыру: 3 сөздік сөйлемдер ( «Ата тырмалап жатыр»);<br>- Дыбысталуы бір-біріне ұқсамайтын бір және екі буынды сөздерді ажырату; |
| | **2 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Мамандықтар: дәрігер, тәрбиеші, құрылысшы» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- «Кеше не істедің?» «сурет салдым» деген жауапты жаттауға үйрету;<br>- Екі буынды сөздерді анық айтуға үйрету (кір-піш, дә-рі, су-рет, са-бақ); |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Қысқа тақпақтарды жаттау: соңғы сөзін қайталауға үйрету;<br>- Дыбысталуы бір-біріне ұқсамайтын екі және үш буынды сөздерді ажырату; |
| | **3 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Мамандықтар: полиция қызметкері, өрт сөндіруші, шаштараз» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Зат есімнің (табыс септігін еркін қолдануын бекіту (допты, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | сәбізді);<br>- «Кім?», «Не?» сұрақтарына бір сөзбен жауап беруге үйрету; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Қысқа тақпақтарды жаттау:соңғы сөзін қайталауға үйрету;<br>- Дыбысталуы бір-біріне ұқсамайтын бір буынды екі сөздерді ажырату; |
| | **4 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Көлік түрлері» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Етістіктердің мағынасын өзгертетін қосымшаларды түсіну -ды/-ді жалғауын тануды қалыптастыру («жеді», «алды»);<br>- «Кім?», «Не?» сұрақтарына бір сөзбен жауап беруге үйрету; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Қысқа тақпақтарды жаттау:соңғы сөзін қайталауға үйрету;<br>- Дыбысталуы бір-біріне ұқсамайтын екі буынды екі сөздерді ажырату; |
| **Наурыз** | **1 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Көктем» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Етістіктердің мағынасын өзгертетін қосымшаларды түсіну -ды/-ді жалғауын тануды қалыптастыру («жеді», «алды»); |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Бет-әлпеттен қуаныш/реніштi тануға үйрету;<br>- Дыбысталуы бір-біріне ұқсамайтын үш буынды сөздерді ажырату; |
| | **2 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Жыл құстары» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Тәуелдік сын есімдер мен кішірейткіш-еркелету сөздерді түсінуін қалыптастыру: «Менің» сөздерін көрсету; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Отбасымен қарым-қатынас жағдайындағы дағдыларын дамыту арқылы Ана, әке сөздерін айтуға үйрету;<br>- Ұқсас сөздерді қайталауға дағдыландыру (доп – топ); |
| | **3 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Наурыз мерекесі» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Тәуелдік сын есімдер мен кішірейткіш-еркелету сөздерді түсінуін қалыптастыру: «Менің», «сенің» сөздерін көрсету; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Отбасымен қарым-қатынас жағдайындағы дағдыларын дамыту арқылы Ана, әке, апа, ата сөздерін айтуға үйрету;<br>- Ұқсас сөздерді қайталауға дағдыландыру; |
| | **4 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - Өткен лексикалық тақырыптар бойынша сөздік қорын молайту;<br>- «Кеше не істедің?» сұрағына қысқа жауап беруге үйрету; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және | - Отбасымен қарым-қатынас жағдайындағы дағдыларын дамыту |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | арқылы Ана, әке, аға, іні, әпке сөздерін айтуға үйрету;<br>- Ұқсас сөздерді қайталауға дағдыландыру; |
| **Сәуір** | **1 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Гүлдер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Бұйрық райды қолдануды үйрету (Бар! Суреттен көрсету); |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Өз әрекетін сипаттауға үйрету: бір сөзбен айту (ойнадым);<br>- Ашық 2 буынды сөздерді анық айтуын дамыту айту (мама, ата); |
| | **2 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Ағаштар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Бұйрық райды қолдануды үйрету (Бер! Суреттен көрсету); |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Өз әрекетін сипаттауға үйрету;<br>- Ашық 2 буынды сөздерді анық айтуын дамыту айту (е-мен, а-ғаш); |
| | **3 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Жәндіктер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Бұйрық райды қолдануды үйрету:Тұр! Отыр!; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Құрдаспен қарым-қатынас орнатуды дамыту: «Сәлем!», «Бер!» деген командаларды қолдану.<br>- Екі буынды сөздермен сөз тіркестерін айтуға үйрету; |
| | **4 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Зообақ» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Бұйрық райды қолдануды үйрету:Жат! Жүр! |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Құрдаспен қарым-қатынас орнатуды дамыту: «лақтыр!», «Ұста!» деген командаларды қолдану;<br>- Екі буынды сөздермен сөз тіркестерін айтуға үйрету; |
| | **5 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Теңіз мекен етушілері» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Бұйрық райды қолдануды үйрету:Жүгір! Тоқта!; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Мимика және пантомимика арқылы басты эмоцияларды көрсету (қуану);<br>- Екі буынды сөздермен сөз тіркестерін айтуға үйрету; |
| **Мамыр** | **1 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Менің Қазақстаным» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Тәуелдік сын есімдер мен кішірейткіш-еркелету сөздерді түсінуін қалыптастыру: «Менің», «сенің» сөздерін көрсету; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық | - Мимика және пантомимика арқылы басты эмоцияларды көрсету (қуану, ренжу); |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | құрылымдарын дамыту | - Екі буынды сөздермен сөз тіркестерін айтуға үйрету; |
| | **2 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Туған өлкем» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Тәуелдік сын есімдер мен кішірейткіш-еркелету сөздерді түсінуін қалыптастыру: «Менің», «сенің» сөздерін көрсету; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Мимика және пантомимика арқылы басты эмоцияларды көрсету (қуану, ренжу, таң қалу);<br>- Екі буынды сөздермен сөз тіркестерін айтуға үйрету; |

Келісілді: ________________
№15 «Балдәурен» бөбекжай-балабақша әдіскері
Г.Жулдызбаева
«02» қыркүйек 2025 ж.

Бекітемін: ________________
№15 «Балдәурен» бөбекжай-балабақша меңгерушісі
Ш.Муберекова
«02» 09 2025ж.

# Жалпы сөйлеу тілі дамымаған III-деңгейдегі 4 жастағы балалармен жүргізілетін топтық ұйымдатырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

2025 – 2026 оқу жылы

## Түсінік хат

Перспективалық жоспар жалпы сөйлеу тілі дамымаған (ЖСТД) ІІІ-деңгейдегі 4-5 жастағы балаларға арналған. Перспективалық жоспар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары мен 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың типтік оқу бағдарламасы негізінде жасалған.

Перспективалық жоспар ЖСТД ІІІ-деңгейдегі балалардың сөйлеу тілінің даму сатыларын, жас ерекшеліктерін және логопедиялық диагностиканың нәтижелерін ескере отырып әзірленді. Негізгі мақсат – сөйлеу тілінің барлық компоненттерін кешенді дамыту арқылы балалардың сөздік қорын молайту, фонематикалық есту қабілетінің алғышарттарын қалыптастыру, сөйлем құрылымын кезең-кезеңімен күрделендіру және қарым-қатынасқа белсенді араласуға дағдыландыру.

*Міндеттері:*

- Импрессивті сөйлеу:Болымды және болымсыз бұйрықтарды түсіну, қарама-қарсы әрекеттерді ажырата білу, сын есімдердің мәнін түсініп сөйлемде қолдану, тәулік бөліктері мен жыл мезгілдерін атау және сөйлемде пайдалану, кеңістік қатынастарын (үстінде, астында, жанында) меңгеру.
- Экспрессивті сөйлеу:Жай сөйлемдерді (шартты, себеп-салдарлы) қолдану, көмектес, ілік, шығыс септіктерін сөйлемде пайдалану, есімдіктерді зат есімдермен сәйкестендіру, сын есімдерді көпше түрде қолдану, салыстыру құрылымдарын құрастыру, үстеулер мен өздік етістіктерді пайдалану.
- Байланыстырып сөйлеу:Жеке тәжірибеге сүйене отырып сөйлем құрастыру, пысықтауыш, анықтауыштарды пайдаланып сөйлемді жайылту, қысқа әңгіме немесе ертегіні сөздер мен сөйлемдерді аяқтау арқылы баяндау, тірек суреттер мен сызбалар бойынша әңгіме құрастыру, «және», «содан соң» жалғаулықтарын қолдану, сахналық қойылымдарға қатысу.
- Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:Артикуляциялық дағдыларды жетілдіру, фонематикалық талдау негіздерін қалыптастыру, дауысты және дауыссыз дыбыстар үйлескен сөздерді айтуға үйрету, сөздің буындық құрылымын дұрыс айту.
- Коммуникативтік дағдылар: Балалар мен ересектерді тыңдау, сұрақ қою және жауап беру, өтініш пен алғысты білдіру, логикалық екпінмен сөйлеу, әңгімені бастау, жалғастыру және аяқтау, қарапайым диалог жүргізу.

*Жоспардың құрылымы:*

- I жартыжылдық (қыркүйек–желтоқсан): қарапайым сөйлеу құрылымдарын меңгерту, сөздік қорды толықтыру, фонематикалық қабылдау алғышарттарын қалыптастыру, қысқа тақпақтар мен өлеңдерді жаттауға үйрету, қарапайым диалогке қатыстыру.
- II жартыжылдық (қаңтар–мамыр): меңгерілген білім мен дағдыларды бекіту, сөйлем құрылымдарын күрделендіру, грамматикалық формаларды жүйелі қолдануға үйрету, байланыстырып сөйлеуін дамыту, сахналық қойылымдар мен сюжетті әңгімелер арқылы сөйлеу белсенділігін арттыру.*Күтілетін нәтижелер*

Жыл соңында балалар:

- болымды және болымсыз бұйрықтарды түсінеді;
- қарама-қарсы әрекеттер мен сын есімдерді сөйлемде қолданады;
- 3–5 сөзден тұратын сөйлемдер құрастырады;
- көпше түрді, септік формаларын дұрыс пайдаланады;
- сюжетті сурет пен тірек сызба бойынша әңгіме құрастырады;
- қысқа өлеңдер мен мәтіндерді жаттап айтады;
- дыбыстарды, буындарды ажыратады, анық айтады;
- сұрақ қояды және жауап береді;
- диалогке қатысып, эмоцияны сөзбен және мимикамен жеткізеді.

Бағдарлама логопед, педагог, психолог және ата-аналардың бірлескен жұмысы арқылы жүзеге асырылады.

| **Айы** | **апта** | **Арнайы ұйымдастырылған түзетуші іс-әрекет** | **Арнайы ұйымдастырылған түзетуші іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|---|
| **Қыркүйек** | **1-2 апта** | **Диагностика** | **1-15 қыркүйек аралығында кешеді диагностикалау** |
| | **3 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Отбасы» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- дидактикалық жаттығулар және ойын үрдісінде лексикалық тақырыптар бойынша енжар сөздік қорды кеңейту, нақтылау; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - өзіндік фразалық сөйлеуді жеке тәжірибесіне сүйеніп сөйлем құруға үйрету; |
| | **4 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Ойыншықтар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | - дидактикалық жаттығулар және ойын үрдісінде лексикалық тақырыптар бойынша енжар сөздік қорды кеңейту, нақтылау; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - өзіндік фразалық сөйлеуді жеке тәжірибесіне сүйеніп сөйлем құруға үйрету; |
| **Қазан** | **1 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Күз» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- сөйлеу тілінде жай сөйлемдерді: шартты, себеп-салдар сөйлемдер: «Себебі, ол шаршады».қолдана алуға үйрету; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - сөйлеудің айтылым жағынын және фонематикалық түсініктердің алғышарттарын дамыту: артикуляция, фонематикалық талдау негізін қалыптастыру; |
| | **2 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Көкөністер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- сөйлеу тілінде жай сөйлемдерді: шартты, себеп-салдар сөйлемдер: «Себебі, ол шаршады».қолдана алуға үйрету; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - сөйлеудің айтылым жағынын және фонематикалық түсініктердің алғышарттарын дамыту: артикуляция, фонематикалық талдау негізін қалыптастыру; |
| | **3 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Жемістер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- мағынасы бойынша қарама-қарсы әрекеттерді ажырата алуға және қолдануға үйрету «Бала отыр, ал қыз тұрды»; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - бала басқа балаларды тыңдай алатын, балалар, ересек адамдармен қарым-қатынас орната алып, сөйлеммен байланыс орнату, сұрақ қою.жағдайлар жасау; |
| | **4 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Бақ мен бақша» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- мағынасы бойынша қарама-қарсы әрекеттерді ажырата алуға және қолдануға үйрету «Бала отыр, ал қыз тұрды»; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және | - бала басқа балаларды тыңдай алатын, балалар, ересек |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | адамдармен қарым-қатынас орната алып, сөйлеммен байланыс орнату, сұрақ қою.жағдайлар жасау; |
| | **5 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Орман. Саңыраукұлақ» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- мағынасы бойынша қарсы сын есімдердің орнын түсіну, сөйлем ішінде қолдануға жаттықтыру: «Бір алма үлкен, ал екіншісі кішкентай»; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - пысықтауыш, анықтауыш, көмекші сөздер және көмекші сөздерсіз толықтаулармен сөйлемдерді жайылта алу икемін дамыту: Күрделі сөйлемдер: «Үлкен қыз ойыншықты үстелдің үстінен алып, қуыршаққа берді»; |
| **Қараша** | **1 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Үй жануарлары» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- мағынасы бойынша қарсы сын есімдердің орнын түсіну, сөйлем ішінде қолдануға жаттықтыру: «Бір алма үлкен, ал екіншісі кішкентай»; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - пысықтауыш, анықтауыш, көмекші сөздер және көмекші сөздерсіз толықтаулармен сөйлемдерді жайылта алу икемін дамыту: Күрделі сөйлемдер: «Үлкен қыз ойыншықты үстелдің үстінен алып, қуыршаққа берді»; |
| | **2 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Жабайы аңдар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- "мен" жіктеу есімдігін зат есіммен «Мен доппен ойнап жатырмын» – толық сөйлем құрылымы. келістіруді балаларға үйрету; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - диалог барысында сұрақтар қоя білуін және оларға жауап қайтара алуын бекіту, өтініш және алғыс білдіру кезінде қарапайым сыпайылықты көрсету алуға үйрету, сыпайы сөйлеммен диалог жүргізу – Сәлем! Сен не істеп жатырсың? – Мен сурет салып жатырмын. Рақмет! |
| | **3 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Үй құстары» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- "мен" жіктеу есімдігін зат есіммен «Мен доппен ойнап жатырмын» – толық сөйлем құрылымы. келістіруді балаларға |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | үйрету; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - диалог барысында сұрақтар қоя білуін және оларға жауап қайтара алуын бекіту, өтініш және алғыс білдіру кезінде қарапайым сыпайылықты көрсету алуға үйрету, сыпайы сөйлеммен диалог жүргізу – Сәлем! Сен не істеп жатырсың? – Мен сурет салып жатырмын. Рақмет! |
| | **4 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - Өтілген лексикалық тақырыптар бойынша сөздік қорын молайту;<br>- жекеше, көпше түрінде зат есімнің сын есіммен келістіру дағдысын дамыту: «Жаңа кітаптар үстелде жатыр». |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - берілген буындық құрылымдағы сөздерді айтуға үйрету: соңында дауысты/дауыссыз аяқталатын сөздер (қарт, жап); |
| **Желтоқсан** | **1 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Қыс» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- жекеше, көпше түрінде зат есімнің сын есіммен келістіру дағдысын дамыту: «Жаңа кітаптар үстелде жатыр». |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - берілген буындық құрылымдағы сөздерді айтуға үйрету: соңында дауысты/дауыссыз аяқталатын сөздер (қарт, жап); |
| | **2 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Қыстайтын құстар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- тәуелдік сын есімді құрастыра алуды дамыту: «Біздің үйіміз үлкен. Сенің үйің қандай?» – салыстыру. |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - кішігірім әңгіме немесе ертегі мазмұны бойынша сөз орамдар және сөйлемдерде сөздерді аяқтап айтуға оқыту; |
| | **3 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Дене мүшелері» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- тәуелдік сын есімді құрастыра алуды дамыту: «Біздің үйіміз үлкен. Сенің үйің қандай?» – салыстыру. |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық | - кішігірім әңгіме немесе ертегі мазмұны бойынша сөз орамдар және сөйлемдерде сөздерді аяқтап айтуға оқыту; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | құрылымдарын дамыту | |
| | **4 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Киімдер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- мағынасы бойынша қарама-қарсы сын есімдерді әңгімеде қолдану: «Кішкентай қоян үлкен аюдан қорқады».қолдануды дамыту; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - ертегілерден үзінді, көлемі бойынша үлкен емес, өтірік өлеңдер, тақпақтарды жатқа алу икемін дамыту; |
| | **5 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Аяқ киімдер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Еркелету мәнін сипаттап түсіндіру: «Қонжық – кішкентай, сүйкімді аю»; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - диалогқа дер кезінде түсуді. Диалогты бастау, жалғастыру, аяқтау қабілетін көрсету және әңгімені аяқтауды дамыту. |

| **Айы** | **апта** | **Арнайы ұйымдастырылған түзетуші іс-әрекет** | **Арнайы ұйымдастырылған түзетуші іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|---|
| **Қаңтар** | **1 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Жиһаз» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- жалпылама сипаттағы сөздермен енжар сөздікті толықтыру: тәулік бөліктері, жыл мезгілдерінің атауға, сөйлемде қолдануға үйрету: «Кешке тамақ ішеміз» |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - сөз сөйлеуді өз мағынасы және логикалық екпіні бар, сөйлеу бөліктеріне бөлуді үйрету; |
| | **2 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Ыдыстар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- жалпылама сипаттағы сөздермен енжар сөздікті толықтыру: тәулік бөліктері, жыл мезгілдерінің атауға, сөйлемде қолдануға |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | үйрету: «Қыста қар жауады.» |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - сөз сөйлеуді өз мағынасы және логикалық екпіні бар, сөйлеу бөліктеріне бөлуді үйрету; |
| | **3 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Азық-түлік» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- лексикалық тақырыптар бойынша үстеу, сын есім, етістік, жалпы қолданыстағы зат есім есебінен белсенді сөздікті молайту: толық сөйлем: «Бала үлкен алманы жеп жатыр» |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - сөйлеудің айтылым жағынын және фонематикалық түсініктердің алғышарттарын дамыту; |
| | **4 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Пайдалы және зиянды тағамдар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- лексикалық тақырыптар бойынша үстеу, сын есім, етістік, жалпы қолданыстағы зат есім есебінен белсенді сөздікті молайту: толық сөйлем: «Бала үлкен алманы жеп жатыр» |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - сөйлеудің айтылым жағынын және фонематикалық түсініктердің алғышарттарын дамыту; |
| **Ақпан** | **1 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Құралдар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- көмекші есімдермен "астында", "жанында" айқындалған, кеңістік қатынасын түсінуіне үйрету; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - берілген графикалық схема бойынша сөйлемдерді құра алуға оқыту: "кім? - сипаты- зат - әрекет"; |
| | **2 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Мамандықтар: дәрігер, тәрбиеші, құрылысшы» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- көмекші есімдермен "астында", "жанында" айқындалған, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | кеңістік қатынасын түсінуіне үйрету; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - берілген графикалық схема бойынша сөйлемдерді құра алуға оқыту: "кім? - сипаты- зат - әрекет"; |
| | **3 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Мамандықтар: полиция қызметкері, өрт сөндіруші, шаштараз» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- сөйлеуде септікті Ілік, көмектес септік «Әселдің кітабы», «Қаламмен жазды»сөз түрлендіруді қолдана алуды дамыту; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - қарым-қатынастык элементарлы ситуацияларына үйрету. |
| | **4 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Көлік түрлері» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- сөйлеуде септікті Ілік, көмектес септік «Әселдің кітабы», «Қаламмен жазды»сөз түрлендіруді қолдана алуды дамыту; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - қарым-қатынастык элементарлы ситуацияларына үйрету; |
| **Наурыз** | **1 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Көктем» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- "астында-үстінде", "алдында-артында-жанында", "алыс-жақын" үстеу мәндерін түсінуді үйрету; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - дауыссыз дыбыстары үйлескен екі - үш буынды сөздерді айтуға үйрету; |
| | **2 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Жыл құстары» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- "астында-үстінде", "алдында-артында-жанында", "алыс-жақын" үстеу мәндерін түсінуді үйрету; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - дауыссыз дыбыстары үйлескен екі - үш буынды сөздерді айтуға үйрету; |
| | **3 апта** | Импрессивті және экспрессивті | - «Наурыз мерекесі» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | сөйлеу тілін дамыту | молайту;<br>- үш көлемінде сан есімдерді зат есімдермен келістіруді, өздік етістіктерді құра алуға үйрету: «Мен киіндім де, үш кітап алдым»; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - "және", "содан соң" жалғаулық шылаулары бар салалас құрамалас сөйлемдерді құра алуға оқыту «Мен үйге келдім, содан соң ұйықтадым»; |
| | **4 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - Өткен лексикалық тақырыптар бойынша сөздік қорын молайту;<br>- үш көлемінде сан есімдерді зат есімдермен келістіруді, өздік етістіктерді құра алуға үйрету: «Мен киіндім де, үш кітап алдым»; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - "және", "содан соң" жалғаулық шылаулары бар салалас құрамалас сөйлемдерді құра алуға оқыту «Мен үйге келдім, содан соң ұйықтадым»; |
| **Сәуір** | **1 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Гүлдер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- үш көлемінде сан есімдерді зат есімдермен келістіруді, өздік етістіктерді құра алуға үйрету: «Мен киіндім де, үш кітап алдым»; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - схема және тірек суреттері бойынша қысқа сипатта әңгімелерді құрастыра алуға үйрету; |
| | **2 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Ағаштар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- ұқсас жағдайларды белгілейтін, іс-әрекеттерді ажырата алуды қалыптастыру; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - схема және тірек суреттері бойынша қысқа сипатта әңгімелерді құрастыра алуға үйрету; |
| | **3 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Жәндіктер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- ұқсас жағдайларды белгілейтін, іс-әрекеттерді ажырата алуды |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | қалыптастыру; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - схема және тіреу суреттері бойынша кішігірім ертегілер мен әңгімелерді қайта айтып беруге 3–4 сөйлеммен қысқа әңгіме құрастыру оқыту; |
| | **4 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Зообақ» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- ұқсас жағдайларды белгілейтін, іс-әрекеттерді ажырата алуды қалыптастыру; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - схема және тіреу суреттері бойынша кішігірім ертегілер мен әңгімелерді қайта айтып беруге 3–4 сөйлеммен қысқа әңгіме құрастыру оқыту; |
| | **5 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Теңіз мекен етушілері» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- етістіктің болымды және болымсыз түрін ажыратуға үйрету: «Мен алдым, ал Асан алмады»; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - схема және тіреу суреттері бойынша кішігірім ертегілер мен әңгімелерді қайта айтып беруге 3–4 сөйлеммен қысқа әңгіме құрастыру оқыту; |
| **Мамыр** | **1 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Менің Қазақстаным» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- етістіктің болымды және болымсыз түрін ажыратуға үйрету: «Мен алдым, ал Асан алмады»; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - ертегі ішінен ұсынылған сюжет бойынша сахналауға үйрету. |
| | **2 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Туған өлкем» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- етістіктің болымды және болымсыз түрін ажыратуға үйрету: «Мен алдым, ал Асан алмады»; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - ертегі ішінен ұсынылған сюжет бойынша сахналауға үйрету. |